

4-тарау. Дидактика. Оқыту және білім беру теориясы

Тақырып: Дидактика –педагогикалық ғылымдар жүйесінде

Жоспар:

- 1. Дидактика туралы ұғым.
- 2. Дидактика және жеке әдістемелер
- 3. Оқыту процесінің қозғаушы күштері.

I. Дидактика туралы ұғым.

“Дидактика”–бұл ежелгі грек сөзі, didasko- оқыту, түсіндіру, дәлелдеу, оқу деген ұғымды білдіреді. Дидактика білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы.

Әл-Фараби оқыту дегеніміз –үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру дейді.

Оқыту процесі-мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті.

Оқытудың басты міндеттері:

1. Оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру
2. Оқушылардың ғылыми білім, іскерлік, дағдыларын меңгеруіне керекті оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру.
3. Ақыл-ойды, ұғымталдықты, қабілетті, дарындылықты дамыту.

Дидактика “Нені оқыту керек?”, “Қалай оқыту керек?” деген екі үлкен сұраққа жауап береді.

Дидактиканың міндеті-білім мазмұның, оқыту әдістерін және оқытуды ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан негіздеу

2. Дидактика және жеке әдістемелер

- Қазақстанда дидактикамен жеке пән әдістемесінің негізін салушылар:
- Ыбырай Алтынсарин орыс тілін қазақтарға үйрету курсының, оқу жоспарларының , бағдарламаларының авторы.
- Ахмет Байтұрсынов-қазақша оқыту әдістемесінің негізін салушы. “Оқу ана-тілінде жүргізілсін”-деген талапты бастаушы.
- Жүсіпбек Аймауытов (1890-1931) “Тәрбиеге жетекші” (1924) деген еңбегін жазып, дидактикаға қазақ тілінде тұңғыш ғылыми анықтама берген.
- Мағжан Жұмабаев –Ол зейінді тәрбиелеу жолдарын көрсетті.

3. Оқыту процесінің қозғаушы күштері.

- Оқыту процесінде кездесетін қарам-қайшылықтарды шешу – оқыту процесінің қозғаушы күші болып табылады.



Дидактика. Оқыту теориясы



```
graph TD; A[Дидактика. Оқыту теориясы] --> B[Оқыту процесінің мәні мен ерекшеліктері]; A --> C[Оқушылар дүниетанымын қалыптастыру]; B --> D[Педагогикалық технология]; D --> E[Оқыту принциптері]; E --> F[Білім берудің мазмұны]; C --> G[Оқыту әдістері]; G --> H[Оқытуды ұйымдастырудың формалары]; H --> I[Оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын бақылау және бағалау];
```

Оқыту процесінің мәні мен ерекшеліктері

Педагогикалық технология

Оқыту принциптері

Білім берудің мазмұны

Оқушылар дүниетанымын қалыптастыру

Оқыту әдістері

Оқытуды ұйымдастырудың формалары

Оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын бақылау және бағалау

Дидактиканың даму тарихы

Я.А.Каменский

И.Г.Песталоцци

Ж.Ж.Руссо

К.Д. Ушинский

Н.К. Крупская

А.С.Макаренко

В.А. Сухомлинский

Ы.Алтынсарин

А.Байтұрсынов


Ж.Аймауытов

М.Жұмабаев



- Ян Амос Коменский - (1592- 1670) - **чех** елінің белгілі ойшылы, педагог. Схоластикалық оқу жүйесіне қарсы шықты.
 - «Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі», «Ұлы дидактика», «Адамзат істерін түзету туралы жалпы кеңес», «Суреттердегі сезіммен қабылданатын заттардың әлемі», «Аналық мектеп», «Жақсы ұйымдастырылған мектептің заңдары».
- Алғашқы болып **ана тілінде** оқыту идеясын қалыптастырды, балаларды **сословиялық**, жыныстық, т.б. белгілеріне бөлмей, барлығын бірдей қабылдайтын мектеп құру қажеттілігін біркелкі мектеп құру қажеттігін айтты. Жас ерекшелігіне дәстүрлі мектептер мен мектептен тыс мекемелердің жұмыс жағдайына ыңғайлады. Шын жүректерімен істі жүзеге асыруға кірісіп, өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін аша алатындай етіп ұйымдастырылады.

Иоганн Генрих Песталоццидің педагогикалық теориясы



**Иоганн Генрих
Песталоцци**


- Pestalozzi,
- (1746 - 1827).
- Знаменитый швейцарский педагог.
- Родом из Цюриха, сын врача.

Швейцария – Песталоццидің отаны – ХУІІІ ғасыр ортасында әлі де артта қалған феодалдық ел болды. Бірте-бірте швейцария деревнясына ене бастаған капитализм шаруаларды жіктей және жағдайы нашарлата бастады. Генрих Песталоцци Цюрих қаласында дәрігердің жанұясында 1746 жылы дүниеге келді. Оның әкесі ерте қайтыс болды. Баланы анасы және жанұяға шын берілген қызметші әйел тәрбиеледі. Жанұяның материалдық жағдайы өте ауыр болды. Балалық шағынан бастап, швейцария шаруаларының ауыр тұрмысын байқап, Песталоцци дворяндар – помещиктер және мануфактура иелері оларды қалай қатты қанағанын көріп өсті.

- Дидактика негіздері элементарлық білім беру теориясы
- Песталоцци бастауыш мектептің оқу жоспарын белгілі дәрежеде кеңейтті, оқу жоспарына оқу және жазу, санау және өлшеу, сурет, гимнастика, ән-күй дағдылары, сонымен қатар жағырафия, тарих, табиғаттану салаларынан кейбір білімдер берілді.

Жан-Жак Руссоның философиясы

ЖАН ЖАК РУССО (1712-1778)



- «Эмиль, или О воспитании»
- создал первую развернутую периодизацию психического развития:
 - 0-2 года – физическое развитие
 - 2-12 – сенсорное развитие
 - 12-15 – обучение естественным и точным наукам
 - 15 – до совершеннолетия – выработка добрых чувств, суждений и воли

- Негізгі идеясы - халық егемендігі. Қоғамдық келісім негізінде ортақ ерік жатыр. Мінеки, осы ортақ ерікпен бағытталатын билікті ол егемендік деп атаған. Мемлекеттегі егеменді биліктің бөлінуін қолдамады. Руссо пікірінше, заң шығарушы билік тікелей егеменді халықтың өзімен іске асырылады. Ал атқарушы билік егемендіктің шешімі бойынша қол астындағылармен байланыс үшін құрылады. Атқарушы билік кімге тапсырылды соған байланысты биліктің түрлерін бөлген: демократия, аристократия, монархия.
- Руссо теориясының шеңберінде қатысудың өзіне тән әлеуметтік-саяси педагогикалық сипаты бар.

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889)



(1841-1889)

Ыбырай Алтынсарин

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының - белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізді. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды.



● **Ахмет Байтұрсынұлы** (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы — 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.^[1] Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.